

ТЫНЫМСЫЗ ЖАТТЫҒУ - ЖЕҢІСТІҢ БАСТАУЫ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚАБЫЛДАУЫНАН БАСТАЛҒАН БҰЛ КҮН – ЖАС СПОРТШЫ ДАНА ҚҰРМАНҒАЗИНА ҮШІН ӨМІРІНДЕГІ ЕСТЕ ҚАЛАР СӨТТЕРДІҢ БІРІ БОЛДЫ. ВОЛЕЙБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТ ШЕБЕРІ АТАНҒАН САҒА МЕКТЕП-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ 11-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ ДАНАҒА АУДАН БАСШЫСЫ ЕСТЕЛІК МЕДАЛЬ МЕН АЛҒЫС ХАТ ТАБЫСТАП, АЛДАҒЫ ҮЛКЕН АРЕНАДА СӨТТІЛІК ТІЛЕДІ. БҰЛ – БИІК БЕЛЕСТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕГЕН МАҢДАЙ ТЕР МЕН МЫЗҒЫМАС ЕРІК-ЖІГЕРДІҢ ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТЫ.



«Кішкене кезімнен әкем мен аға-апаларымның волейбол ойнағанын көріп, соларға қарап қызығып келдім. Сондықтан осы спорт түрін таңдадым», – дейді Дана. Балалық арман бүгінде үлкен мақсатқа айналып отыр. Қолына алғаш доп ұстаған күннен бастап, ол тынымсыз жаттығу мен тәртіпті тіршілікті өмірлік серік етті. 2008–2009 жылдары туылған жасөспірім қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының VI жастар ойындарында жеңімпаз атанып, облыс құрамасының сапында

топ жарды. Бұдан бөлек, Қазақстан чемпионатының төрт дүркін жүлдегері атануы – Дананың тек шебер ойыншы ғана емес, нағыз бәсекеге қабілетті спортшы екенін дәлелдейді. Оның жетістіктерінде жаттықтырушысы, әрі әкесі Райымбек Құрманғазиннің еңбегі де орасан. Әке мен баланың арасындағы сенім, спорттағы тізе қосқан еңбек – нәтижеге жетелеген бірлік пен берекенің көрінісі. «Тәрбие – тал бесіктен» деген халық даналығы осындайда еске түседі. Дана спорт жолында қиын

дықтың да, сын сағаттың да болғанын жасырмайды. «Шаршағанда бастаған істі соңына дейін жеткізу керек деген ұстанымым бар. Сондықтан мотивация болатын – отбасымның қолдауы», – дейді ол. Адал еңбек пен жанашыр жандардың демеуі болмаса, биік шыңдарды бағындыру оңай емес екені анық. Жарыстар ішінде Тараз қаласында өткен турнир ерекше есте қалыпты. «Бұл жарыста командалық рух пен тартысты ойын ерекше болды. Барлық жеткен жетістіктерімізді бірігіп

жеттік», – дейді ол. Командадағы сенімділік, достық пен ауызбіршілік – әрбір жеңістің алтын арқауы. Дананың күнделікті өмірі – тәртіп пен еңбекке негізделген. Таңғы жаттығу, сабақ, қайтадан дайындық – бәрі жоспармен. Бос уақытында үстел теннисін ойнағанды, ән салғанды жақсы көреді. «Облыс құрамындағы ең өнерлі мен шығармын», – деп ағынан жарылып, бір жымып алды. Бұл сөздің астарында бала көңілдің қуанышы мен сенімі жатыр. Болашаққа бағытталған ойы да айқын. «Кәсіби деңгейде өнер көрсеткім келеді. Егер қалап жатсам, жаттықтырушы болғым келеді», – дейді. Бұл сөздерден елдің спортын дамытуға деген жауапкершілік пен ниет байқалады. Жас волейболшыларға арнаған ақылы да жүректен шыққан: «Қорқыныш болады, қателік те кетуі мүмкін. Сондай кезде өзіңді кешіре білу керек. Миың таза болу керек. Қателікке тіреліп қалмау керек». Бұл – спортта ғана емес, өмірдің кез келген кезеңінде қажет болатын ұлағатты сөздер. Қазақта «Бейнетсіз зейнет жоқ» дейді. Дана Құрманғазина – осы ұлы сөздің шынайы мысалы. Талант пен тәртіп, жігер мен жанкештілік бір арнаға тоғысқанда ғана нағыз жеңіс келеді. Жас болса да, алдына биік мақсаттар қойып, ел намысын абыроймен қорғап жүрген қайсар қыздың жолы әрдайым ашық болсын!

Әділет ШАБАЙ,
Ойыл селосы.

САЙЛАУ 2025

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ КӨПТОҒАЙ ЖӘНЕ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТҰРАЛЫ ХАБАРЫ

2025 жылғы 18 мамыр Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдері сайлауының нәтижелері туралы хаттамалары негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сайлаудың қорытындысын шығарды:

Көптоғай сайлау округі

Көптоғай ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 1101 азамат енгізілді, олардың – 633 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны - 5, «Беріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны - 6. Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Асылбаев Е.Б. – 454; Ұлықпанов Қ.Ұ. – 99; Шауенов Ж.М. – 69. Асылбаев Ерлан Базарбайұлы – 1975 жылы дүниеге келген. «Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің әкімі, Ойыл ауданы Көптоғай ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Көптоғай ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Саралжын сайлау округі

Саралжын ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 913 азамат енгізілді, олардың – 399 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны - 4, «Беріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны - 18. Әрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Әлжанов М.Ш. – 29; Сағынғалиев Д.Б. – 34; Тәжіғалиев М.Т. – 314.

Тәжіғалиев Марат Тілепбергеноұлы – 1963 жылы дүниеге келген. «Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің әкімі, Ойыл ауданы Кемер ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Саралжын ауылдық округінің әкімі болып сайланды.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ОЙЫЛ АУДАНЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ КӨПТОҒАЙ ЖӘНЕ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОҚРУГТЕРІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМДЕРІН ТІРКЕУ ТҰРАЛЫ ХАБАРЫ

20 мамыр 2025 жыл

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабына сәйкес 2025 жылғы 18 мамырда өткен Ойыл ауданының Көптоғай және Саралжын ауылдық округтері әкімдерін сайлау қорытындылары туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хаттамасының негізінде

Көптоғай ауылдық округі бойынша:

Асылбаев Ерлан Базарбайұлы – 1975 жылы дүниеге келген «Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің әкімі, Ойыл ауданы Көптоғай ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Көптоғай ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Саралжын ауылдық округі бойынша:

Тәжіғалиев Марат Тілепбергеноұлы – 1963 жылы дүниеге келген, «Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің әкімі, Ойыл ауданы Кемер ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Саралжын ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ҒАЛЫМҒА ҚҰРМЕТ – ЕҢБЕККЕ ТАҒЫМ!

ТАРИХТЫ ҰМЫТПАЙ, ОДАН САБАҚ АЛУ – БОЛАШАҚ ҮШІН ЖАСАҒАН ЕҢ ҮЛКЕН ИГІЛІК ТІ ІС. ОСЫҒАН ОРАЙ, Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУДАНЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН БЕЛГІЛІ ҒАЛЫМ-ЭПИДЕМИОЛОГ, ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАҒЕРІ ҚУАНЫШ МӘКІРОВТІҢ 115 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «1941-1945 ЖЫЛДАР: ҚАЗАҚСТАН ДӘРІГЕРЛЕРІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА» АТТЫ ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ШАРА БОЛЫП ӨТТІ.

Ұлы Отан соғысы кезінде фашизмды жеңу үшін Қазақстан дәрігерлері де күндіз – түні көз ілмей, жаралы жауынгерлерді құтқару үшін жанқиярлықпен қызмет еткені, қолдарына қару алып сан шайқастарға араласқаны, тылда тынымсыз еңбек етіп тер төккені барша-мызға белгілі. Сонымен қатар көрінбейтін құпия майданда да қызметтер жасап, жеңісті жақындатуға атсалысқан ақ халатты абзал жандар аз емес. Солардың бірі жерлесіміз – медицина ғылымдарының докторы, профессор, ұстаз, ҰОС-ның ардагері, еліміздің белгілі ғалым-эпидемиологы Қуаныш Аманбайұлы Мәкіров.

Ұлы Отан Соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы аясында өткізілген бұл жүздесуге шақырумен Астана қаласынан

Қазақстан журналистері одағының мүшесі, белгілі қаламгер, «Түлеген Ойыл өңірі», «Ойыл», «Жүрек сөзі» кітаптарының авторы, «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Ақтөбеден «Ойыл ауданының құрметті азаматы», белгілі өлкетанушы, «Ойыл соғыс жылдары», «Ойыл» кітабының авторы Нұрлан Жұмағалиев, Қ.Мәкіровтың туыстары зейнеткер Есболай Бікіров пен Қобда аудандық ауруханасының дәрігері Асқар Оразалин және Ойыл аудандық ауруханасында көп жылдар бойы еңбек еткен Амангос Қисықов, аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен жергілікті денсаулық сақтау саласының өкілдері, еңбек ардагерлері мен жастар қатысты. Шара кезінде ғалымның өмір

жолы, КСРО қарулы күштерінің Бас штабындағы жауапты қызметтері, 1943 жылғы «Тегеран» конференциясын дайындап, өткізудегі, Кеңес әскерлерін медициналық және санитарлық қамтамасыз етудегі жалпы эпидемиологиялық тәуекелдерді талдаудағы төңдессіз еңбектері жайлы көзін көрген, сұхбаттасқан шақырылған қонақтар сөз алып, естеліктерімен бөлісті, «Қуаныш Мәкіров - ұлы тұлғалы дәрігер-эпидемиолог» атты тақырыптық көрме, тарихи деректер, фото, карта т.б. жәдігерлер, бейне баяндар көрсетілді.

Тарихи деректер соғыс жылдарында 200 мыңнан астам дәрігер, 1,5 млн. орта буын медицина қызметкерлері әскер қатарына шақырылғанын, олардың қатарында

қазақстандық медицина қызметкерлері де болғанын көрсетеді. Кескілескен қантөгіс майданда жарақат алған 9 млн-нан астам жауынгер мен офицерге жауындай себелеп, борап тұрған оқтың арасында, снаряд пен бомбалар астында медициналық көмек көрсеткен дәрігерлердің жанқиярлық еңбегі ұшан-теңіз. Қанша жыл өтсе де, жастық шағы осындай соғыс өртіне шалынған, майдан даласында өтікпен су көшкен, суыққа тоңып, ыстыққа күйген жерлесімізді әрдайым құрметпен еске алып, тағзым ету біздің борышымыз. Солардың бірі, тіпті бірегейі Қуаныш Мәкіров 1910 жылы 15 маусымда Ақтөбе облысының Қобда ауданына қараған бүгінгі Ойыл ауданының №1 ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы кезінде КСРО Қарулы Күштерінің Бас штабында жауапты қызметтерді атқарған: - Кеңес әскерлерін медицина-

лық және санитарлық қамтамасыз ету. - Эпидемиологиялық тәуекелдерді талдауда - Жаудың әскери топтары туралы материалдарды жинақтау. - Әскери және бейбіт тұрғындар арасында жұқпалы аурулармен күресу жолында. - 1943 жылы «Тегеран» конференциясын дайындауға қатысып, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауап берген. - 1944 жылы Варшава маңындағы шайқастарға қатынасып ауыр жарақат алған. - Жауынгерлік Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, I дәрежелі отан соғысының ордендерімен марапатталған. - Кейінгі жылдары ұстаз, ғалым, Профессордің 130-дан астам ғылыми мақалалары, 7 ғылыми монографиясы жарық көрген. Соғыс жылдарындағы және елге оралғаннан кейінде Қуаныш Мәкіровтің әскери, дәрі-

герлік құпия қызметте болуына байланысты оның өмір жолының түрлі кезеңдері осы кезге дейін айтылмай келгені жасырын емес. Сол себепті де бұл тарихты архивтерден, ұрпақтарынан іздестіру, жинақтау, зерттеу жұмыстары жалғастыруды қажет етеді. Ойыл өңірінен шыққан тарихи тұлғаларды түгелдеу, соғыс ардагерлерінің тарихын білуге, іздестіруге, ғылыми бағытта зерттеуге мол мүмкіндік алатын тақырып. Тарихты білу, өлкеден шыққан өмірлері өнеге боларлық ата-әкелеріміздің, аналарымыздың ерліктері мен ерен еңбектерін өскелең ұрпаққа жеткізу біздің бүгінгі борышымыз және танымымыз бен тәрбие-тағылымымыздың түп тамыры болып қала беруі тиіс. Кездесу соңында Қуаныш Аманбайұлының атына туған жері Ойыл селосынан көше беру туралы айтылған ұсыныстың аяқсыз қалмауы үшін алғышарттары жасалып естідік.

"МУЗЕЙ ТҮНІ"

ТАРИХПЕН ҮНДЕСКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ

ОРАЛЫМДЫ ОЙ МЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ТАРИХ ТОҒЫСҚАН БІР ТҮН – «МУЗЕЙ ТҮНІ-2025». МАМЫРДЫҢ МАМАРАЖАЙ КЕШІНДЕ МУЗЕЙ АУЛАСЫН ЕРЕКШЕ САЛТАНАТ ПЕН РУХАНИ СЕРПІЛІС КЕРНЕДІ. ҚАДІРМЕНДІ ҚОНАҚТАР, АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ, ҰСТАЗДАР МЕН ШӨКІРТТЕР, МУЗЕЙ ЖАНАШЫРЛАРЫ ЖИНАЛҒАН БҰЛ МЕРЕКЕЛІ ЖИЫН – ӨТКЕННІҢ ӨНЕГЕСІН, БҮГІННІҢ БИІГІН, БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ БОЛАР САЛИҚАЛЫ БАСҚОСУ.



Көктемнің нұрлы күнінде тойланатын Халықаралық музей күні – күллі адамзат өркениетінің асыл мұрасына деген құрметтің көрінісі. Осыған орай ұйымдастырылған «Музей түні-2025» мәдени шарасы тарих пен өнердің алтын арқауын бүгінгі ұрпақ санасына сіңіру жолында салмақты мәнге ие болды. Тарих – ұлттың тамыры. Сол тамырдан нәр алған руханият ошағы – музей. Мұнда тек жәдігерлер ғана емес, тағылым мен тәлім, ұлттың өткені мен ертеңі қатар өріледі. Музей – өткеннің шежіресі, болашақтың шамшырағы. Осы жолда талмай еңбек етіп, музей ісінің дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлерге көрсетілген құрмет – бүгінгі ұрпақтың алғысы, елдік рухтың айғағы. Музейдің іргесін көтеріп, абыройын асқақтатуға атсалысқан ардагерлерге алғыс білдіріп, сөз берілді. Мерекелік кеш барысында мектептер мен аудандық мекемелер, түрлі сала ұжымдары өздерінің жүректарды құттықтауларын жеткізіп, музей ұжымының мерекесін бөлісіп, ықылас білдірді. Сонымен қатар, Ұлы Жеңістің

80 жылдығына орай ұйымдастырылған «Менің атам – майдангер» атты іс-шара аясында белсенділік танытқан азаматтар мен оқушылар марапатталды. Бұл – ел тарихына деген құрметтің, ұрпақтар сабақтастығының белгісі. Ауданның әр саласынан келген мекемелер мен ұйымдарға, шығармашылық топтарға алғыс хаттар табысталды. Музей ісіне жанашырлықпен қарап, материалдық, рухани қолдау білдіріп жүрген ұжымдар мен жекелеген азаматтар да назардан тыс қалмады. Олар – тарихтың аманатын көздің қарашығындай сақтап, жас ұрпаққа жеткізуге үлес қосып жүрген шын жанашырлар. Музей – елдің жады, халықтың рухани айнасы. Шығанақ Берсиев есімін иеленген Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі бүгінгі күнге дейін өлке тарихының шежіресіне айналып, 6 ғылыми-экспозициялық залымен халыққа қызмет көрсетіп келеді. Археологиялық қазба жұмыстарынан бастап, мәдени іс-шараларға дейін белсенділік танытып келе жатқан бұл мекеме —

шын мәніндегі руханият ордасы. Кеш соңында халық музей ішіне енді. Жұртшылық топ-тобымен музей ішін аралады, қызыға қарап, таңданысын жасыра алмады. Жәдігерлерге үңілген көздерде құрқызығушылық емес, өткенге деген құрмет, бабалар аманатына деген ілтипат сезілді. Шежірелі тарихпен тыныстаған осы бір мезет әрбір жанның жүрегінде ұлтқа деген мақтаныш пен мәрттік ұялатты. Бұл түн – тарихпен тілдескен, жүрекке сыр ақтарған, рухты оятқан түн болды. «Өткенге салауат – ертеңге аманат» деген сөз осы кешке дәл келеді. Мәдениет – елдің мәйегі. Сол мәлектің тұнығын лайламай, келер ұрпаққа таза күйінде жеткізу – бүгінгінің борышы. Міне, «Музей түні» осы борыштың үдесінен шыққан, рухты, салмақты шара болды. Бұл – жай мереке емес, елдік рухтың оянуы, тарихпен тілдесудің тағы бір мүмкіндігі. Халық жиналды, музей аралады, тағылым алды. Ұлт руханиятына қызмет еткен бұл түннің жарығы ұзаққа сөнбесін!

ОТБАСЫНДАҒЫ ДҰРЫС ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Адам баласының ең көп уақытын өткізетін орны өзінің кішкентай мемлекеті саналатын отбасы. Алам баласы өзінің алғашқы өмірлік құндылықтары мен тәлім-тәрбиесін осы отбасынан алады. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің!» - деген қанатты сөз отбасы тәрбиесінің маңыздылығын көрсетеді. Ал, отбасында бала тәрбиесі ерлі-зайыптылардың өнегесіне жатады. Ислам діні әрі жеке адамның, әрі қоғамның тыныштығы мен бақытын қамтамасыз ету үшін отбасы институтына аса мән береді. Оны сақтап, қорғау үшін көптеген шарттар қойған. Ерлі-зайыптылар арасындағы және ата-ана мен бала арасындағы хақ-құқықтар имандылық талаптарымен негізделді. Мәселен, «Сендердің ең жақсыларың әйелдеріне жақсы мәміледе болғандарың» (Тирмизи, рада, 11 хадисі) отбасындағы қатынастың ізгілікпен байланысты екендігін көрсетеді. Халқымызда «Үй іші ала болса, керегіңің басы толаған бәле болады» - деп отбасындағы тыныштықтың, татулықтың қаншалықты маңызды екендігін айтады. Олай болса, ислам діні неке және отбасы қатынастарына барынша мән береді. Елімізде де осы салада арнайы заң қабылданған. Дегенмен, дәстүрлі қазақ отбасында көптеген қатынастар заң негіздерімен емес, адамгершілік, өзара түсіністік, сыйластық негіздерімен жүзеге асатындығын назарға алсақ, отбасындағы имандылықтың бекем болуы қоғамдағы көптеген ке-

леңсіздіктердің алдын алады. Әсіресе отбасындағы әйелдің орны ерекше деуге болады. Баланың тәрбиесімен көп айналысатын ана болғандықтан әйелдің адасуы отбасының адасуына, ұрпақтың адасуына әкеліп соқтырады. Ата-ана өзінің балаларында өздері ұстанатын діни сенім мен құндылықты беруге тырысуы табиғи жағдай деуге болады. Алайда ол ұстанымдардың ұлттық-рухани құндылықтарымен ұштасып жатуы шарт. Олай болмағанда теріс көзқарастар мен радикалды ұстанымдарға кету қаупі туындайды. Отбасында уызына жарымаған, дұрыс діни сауатын ашпаған, руханиятқа қанықпаған жастар ол құндылық пен жылылықты сырттан, ағымдардың қатарынан іздеп жатады. Бұл, түбінде үлкен қасіреттерге соқтырып кетуі мүмкін. Дұрыс діни сауаттылыққа жарымаған жастар оны сырттан тауып, өзінің ата-анасынан безіп, оларды діни тұрғыдан айыптап, тіпті бағынбай кетіп жататын жағдайлар да кездеседі. Бұл өзіміз бермеген тәрбие мен білімді өзгеден алған кездегі бала тәрбиесінің салдары. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Бәрің бақташысыңдар, қол астындағылардан жауап бересіңдер!» дегенде ер азамат өзінің отбасы үшін жауап беретіндігін меңзейді. Ата-анасы намаз оқымағаны үшін дінсіздікке шығарып өкілдігін қабылдамай өз топтары арасынан біреуін өкіл қабылдауы, немесе ата-анасының рұқсатынсыз (намаз оқымайды деген кінәлаушылықпен) оңаша неке қию, өз арасында әйел-

дерді сыйға беру, бірінен соң біріне тұрмысқа шығу, қалаған уақытында бала-шағасын тастап, талақ қылу үрдісі белең алған топтар кездеседі. Неке өмір бойына қиылады. Сүнниттік исламда уақытша неке (мұта некесі) деген мәселе жоқ. Олай болса, ер азамат немесе әйел некеге барарда өзінің әзірлігін пысықтауы тиіс. Ал жауапкершілікті мойнына алғаннан кейін соңына дейін жеткізу де оның мойнында. Кейде отбасында ер азаматтан бұрын әйелдің радикалдануы болуы мүмкін. Ондай жағдайларда эмоцияға берілгіш нәзік жанды әйелдер отағасын қырап әртүрлі қадамдарға жетелеп жатады. Кейде шет елдердегі қарулы қақтығысқа баруға отбасында әйелдің ықпалдығынан болған жағдайлар да жоқ емес. Сонымен бірге исламда отбасынан бас тарту, үйленбей өту (рухбандық) деген жоқ. Ер мен әйелдің сезімдері, қалауы, бейімділіктерінің барлығын алла жаратқан және алланың қойған заңдылығы (Әлимирман сүресі, 14) сонымен бірге, еркектің бас болуы да құран-көрімде бекітілген «ерлер әйелдердің алдында басымдықта» (Ниса сүресі, 34). Себебі ислам отбасын асырауды ер азаматқа жүктеген. Бұл ер азаматқа абсолютті еркіндік берген деген сөз емес. Нұр сүресінің 30-аятында: «Мүмин еркектерге айт, көздерін харамнан және арын зинадан қорғасын!» дейді. Бұл отбасындағы тұрақтылықтың негізі. Жалпы отбасындағы тұрақтылық өз-ара сенім мен сыйластықта құрылады. Халқымыз «Еркек - үйдің егісі,

ЖАС САҚ ШЫЛАР САУЫСЫ – ҚАУІПСІЗДІККЕ ҚАДАМ

Ақтөбе қаласындағы Тұңғыш Президент атындағы саябақта дәстүрлі «Жол қозғалысының жас инспекторы» атты облыстық слет ұйымдастырылып, жол қауіпсіздігінің жарқын болашағы – жас инспекторлар бас қосты. Облыстық білім басқармасы мен Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы өткізген бұл ауқымды шара – балалардың қауіпсіздігі жолындағы маңызды қадам. Облыстың 12 ауданынан және Ақтөбе қаласынан келген 91 оқушыдан құралған 13 команда 7 түрлі номинация бойынша бақ сынасты. Олар саптық байқауда шеберліктерін көрсетіп, жол жүру ережелері бойынша білімдерін дәлелдеді. Велосипедті мәнерлеп жүргізу, жол

қозғалысын реттеу, алғашқы медициналық көмек көрсету, эрудиттер сайысы мен үгіт-насихат бригадаларының бәсекесі – барлығы да баланың білімін ғана емес, шапшаңдығы мен жауапкершілігін сынады. Сайыс қорытындысында Ойыл ауданынан келген Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының «Ақ Орда» командасы топ жарып, облыстық кубоктың иегері атанды. Команданың капитаны Жангелді Сұлтан бастаған оқушылар өз рөлдерін тамаша алып шықты. Камила Дулатова – эрудит, Сұлтанали Даулетқалиев – жол реттеуші, Айзере Мұхамбетжан – жас санитар, Ғали Алпысбай мен Гаухар Амангелдіқызы – велосипед-

шілер, ал Кәусар Бітімбаева – басты рөлде болды. Марапаттау рәсімі мерекелік атмосферада өтті. Балалардың кумирі саналатын «Ақтөбе» футбол клубының ойыншыларының қатысуы шараға ерекше әсер беріп, қатысушыларға қолтаңбалы шарфтар мен футбол доптарын сыйға тарту етті. Бұл слет – болашақта жол үстінде қауіпсіздік пен тәртіпке жауапты болатын жас ұрпақтың алғашқы баспалдағы іспетті. Қатысушылардың өз ісіне деген жауапкершілігі мен ынтыасы қоғам үшін үлкен үміт ұялатады. Облыстық байқауда жеңіске жеткен команда республикалық кезеңде Ақтөбе намысын қорғамас. Ендеше, жолда тәртіп болса – өмірде тыныштық болады.

ТӘРТІП ПЕН БІЛІМ ТОҒЫССА...

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ – ТАБЫСТЫ БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ. БҰЛ – ЖАЙ ҰРАН ЕМЕС, ЖАС ҰРПАҚТЫҢ БОЙЫНА ЕРТЕ БАСТАН СІҢІРІЛУІ ТИІС ӨМІРЛІК ҚАҒИДА. БҮГІН ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ОСЫ СӨЗДІҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫН ТАҒЫ БІР МӨРТЕ ДӨЛЕЛДЕДІ.



Жастар орталығының ұйымдастыруымен өткен бұл басқосуға Ақтөбе қаласынан арнайы келген «ҚаржыMAN» жобасының авторы Жоламан Асанұлы мен облыстық "Жас сақшы" қоғамдық бірлестігінің мүшесі, полиция көмекшісі Жанель Ақеділқызы қатысып, жас буынға бағыт-бағдар беретін құнды кеңестерін ортаға салды. Семинарға 45 жас қатысты. Олардың деңі студенттер мен 10-11 сынып оқушылары. Бірақ бұл – жай ғана сан емес, әрқайсысы – ертеңгі елдің үміті, болашақтың тірегі. Жоламан Асанұлы жастарға қаржыны басқару, жеке бюджет жүргізу, табыс пен шығын-

ды дұрыс жоспарлау, үнемдеу мен инвестициялаудың тетіктері жайлы кеңінен тарқатты. «Қаржылық білім – бұл тек ақша туралы емес, бұл – өмірінді басқару қабілетің» деген ұлағатты сөзі көпшіліктің жүрегіне жол тапты. Өйткені қазіргі заманда қаржыға көзқарас – ертеңге деген сенімнің өлшемі. Ақшаны қалай тапқаның емес, қалай жұмсай алатының маңыздырақ екенін жастар жақсы ұғынды. Ал "Жас сақшы" қоғамдық бірлестігінің белсенді мүшесі Жанель Ақеділқызы құқықбұзушылықтың алдын алу, еріктілік, жасөспірімдердің жауапкершілігі тура-

лы кең көлемде сөз қозғайды. Оның сөзінен кейін "Жас Сақшы" қатарынан табылғысы келетін жастардың бойында сенім мен серпін пайда болғаны байқалды. Өйткені ұлтқа қызмет – ұлағатты ұрпақтың ісі. Шара барысында сұрақ-жауап, өмірлік мысалдар және мотивациялық ойлар арқылы жастар өздерінің қаржылық әдеттеріне сын көзбен қарап, болашақта қандай шешімдер қабылдау қажеттігін түсіне білді. Бастысы – әр жас өзінің өмірінің қожайыны екенін, ақша – мақсатқа жетудегі құрал ғана екенін ұғынды. Бүгінгі кездесуден түйеніміз: «Жастайыңнан жинасаң – жетекте жетер, жұмсай білсең – байлығың бекер кетпейді». Қаржылық сауат – тек жеке адамның ғана емес, ұлттың дамуына да серпін беретін маңызды қадам. Осындай игі бастамалармен жастарымыздың көкжиегі кеңейіп, болашағы бекемделе түсетіні анық. «Жас Сақшы» – тәртіптің, «ҚаржыMAN» – сана мен сауаттылықтың кепілі. Ал тәртіп пен сауаттылық тоғысқан жерде табысты болашақ тұрады.

Өйткені, ол күнәсына тәуба етушілерді кешіруші» (исра, 23-25). Елімізде дініміздің адалдығына кір келтіріп, имандылықты лайлап жүрген жандар да жоқ емес. Көліктің ішінде, жасырын неке қиып, телефонмен талақ қылушы мұндай адамдар исламдағы адал неке ұғымына сөз келтіріп жүр. Оңай неке қиылған соң, талақ айту да қиын болмайды. Себебі, олардың көбі жауапкершіліктен қашады. Ал заң алдында, әулет алдында, ата-ана алдында жауапкершілік болмаған соң некені ойнастыққа айналдырады. Сондықтан да қазір алдымен ахат бөліміне тіркеліп, «Неке және отбасы» заңының талаптары бойынша некеге тұрғанда да еркім өзінше отбасылық жауапкершілікті аз да болса сезінеді. Ата-ананың бар міндеті ұрпағын оқыту, жоғары білім беру деп түсінетініміз бар. Ол да үлкен мақсат. Дегенмен, жалаң білім рухани тірбиенің орнын баса алмайды. Діни сауаттылықты бермейді. Сол үшін жастардың діни тәлімді кімнен, қайдан алып жүргеніне, отбасында олардың діни сауалдарына бөрінен бұрын болып жауап табуға мұқият болуымыз қажет. Олай болмағанда ұрпағымыздан ажырап қалуымыз кәдік. Алла әрбір мұсылман отбасының бақытты болуын нәсіп етсін! «қарабұмыз! Қиямет күні мені, әке-шешемді және барлық мүминдерді мағфират қылсын!» (Ибраһим сүресі, 41). Әумин!

Бағжарық Қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ,
«Ойыл аудандық мешітінің» бас имамы.

ТІРЕК МЕКТЕБІНЕ ІЛЕССЕК... ТҮЛЕКТЕРІМІЗ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БОЛАДЫ

ӨТКЕН АПТАНЫҢ СОҢЫНДА Ж.ЖҮСІБАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ «ТІРЕК МЕКТЕБІ – АУЫЛ МЕКТЕБІНІҢ ДАМУ ДРАЙВЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ОБЛЫСТЫҚ КӨШПЕЛІ СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ.

ТІРЕК МЕКТЕПТЕРДІҢ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІН ДАМУЫДАҒЫ РӨЛІН ТАЛҚЫЛАУ, ТАБЫСТЫ ТӘЖІРИБЕЛЕРІМЕН БӨЛІСУ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ЖОЛДАРЫН ҰСЫНҒАН СЕМИНАР ЖҰМЫСЫ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӨДІ-СТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БӨЛІМ МЕҢГЕРУШІСІ СВЕТЛАНА ЖҰБАЕВА, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МҰРАТБАЙ АЙДАРБАЕВ ЖӘНЕ МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫ МАРЖАН ЖОНЫСОВАЛАРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІМЕН АШЫЛ-ДЫ.

Қонақтарға 95 жылдық тарихы бар мектептің шежіресі жасан-ды интеллект көмегімен таны-стырылды. Одан кейін қатысушылар төрт топқа бөлініп, тәжірибелік алаңдарға барды. **«Білім беру: Жаңа платфор-малар – жаңа мүмкіндіктер»** алаңында бастауыш пен мұғалімдері заманауи плат-формалармен таныстырса, **«Құндылықтар мен құзірет-тілікке негізделген білім»** алаңында тарих пәнінің мұғалімі Толқын Тумышева Genially, Shyrac Ai бағдарла-маларының тиімділігін көр-сетті. Ағылшын тілі мұғалімі Ақмарал Орақ телемост ұйымдастырып, оқушылар-ды шетелдегі ағылшын тілі пәні сабағын өткізіп жатқан мұғаліммен тікелей сөй-

лестірді. «Ғылымға қадам – жаңа-лыққа бастар жол» жобалар керуенінде математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, химия, биология, физика, ро-бототехника пәндерінен жүл-делі орынға ие болған ғылыми жобаларын мектеп оқушыла-ры таныстырса, «Көркемдік кеңістік – бала жанының ай-насы» алаң аясында оқушы-лардың облыстық, республи-калық жетістіктері бұрышы жасақталып, спорт сүйер оқушыларымыз түрлі ойын-дардың техникаларын айтып, қонақтарға жаттығу алаңын-дағы дайындықтарын көрсетті. Ал, арт студия, технология ка-бинеттерінде шығармашылық жұмыстарын, тігін машинала-рымен, станоктармен, арт-сту-дия құрылғыларымен жұмы-

старының нәтижесін ұсынды. Алаңдар жұмысы аяқталған соң, шағын жинақты мектеп-термен практикалық сабақ көрінісі” бөлімінде «Шағын мектеп: Ынтымақ, ізденіс, ілгерілеу» сабағы арқылы магниттік мек-тептермен жүйелі жұмысты көрсетті.

Ал, панелдік сессияда облы-стық әдістемелік орталығы бөлім меңгерушісі Светлана Жұбаева, Ойыл аудандық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Доскей Аманғалиұлы, Қандыағаш қалалық №3 МГ директоры Данагүл Ибрашева, Ақша-тау орта мектебінің директо-ры Айдана Махатова, мек-тептің ата-аналар комитетінің төрағасы Серікбай Қойбаға-ров, Ж. Жүсібалиев атындағы

орта мектептің үздік оқушысы Гүлзәйнеп Шығырбаевалар, Тірек мектептердің ауылдағы білім сапасын арттырудағы үлесін мен серіктес мектеп-термен байланыс моделін талқылап, қатысушылар ара-сында тәжірибе алмасу және ұсыныс жинау мақсатында қойылған сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісті. Семинар соңында тірек мек-тептер мен ауыл мектеп-терінің ортақ өрлеуін бейне-лейтін «Тірек. Тәжірибе. Түлеу» яғни, «Тірек – жүйе», «Тәжірибе – іргетас», «Түлеу – болашақ» идея-сы негізінде кері байланыс арқылы семинарға қатысушы-лардың ой-пікірлері түзіліп, өз іс-тәжірибиесін көрсеткен ұс-таздарға алғыс хаттар табы-сталды.

ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ - ӨМІР ТАЛАБЫ ҰСТАЗ – АРДАГЕРЛЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ЖИЫНЫНАН КЕЙІНГІ ОЙ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА ОҚУ – АҒАРТУ САЛАСЫ БОЙЫНША ОБЛЫСТЫҚ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ КӨШПЕЛІ ЖИЫНЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ 13 МАМАРЫНДА ӨТТІ. ЖИЫНҒА АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ САЛАСЫ АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАЗЫ КЕНЖЕҒАЗЫ БАЙҒАЗИН БАСТАҒАН ӨЗГЕ АУДАНДАРДАҒЫ БІЛІМ САЛАСЫ АРДАГЕР-ЛЕР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАЛАРЫ КЕЛІП, АУДАННЫҢ БІЛІМ САЛАСЫ БОЙЫНША АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫ-СТАРЫМЕН ТАНЫСЫП, АУДАН МЕКТЕПТЕРІН АРАЛАДЫ. САПАЛЫ ҒҰМЫРЫН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА АР-НАҒАН ӨНІРДІҢ ҮЗДІК ҰСТАЗ – АРДАГЕРЛЕРІНІҢ САПАРЫ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛДЫ.

Мектеп ұжымы, ардагер – ұс-таздар әр ауданнан келген төрағаларды ыстық ықылас-пен қарсы алды. Оқушылар күмбірлете күй тартып, өз өнерлерін көрсетті, бастауыш ардагерлер ұйымының жұмы-сымен танысты, оқу дерісха-наларын аралады. Жақын арада құрылған баста-уыш ұйым кабинетін жасақта-уға білім бөлімінің басшысы Е.Бегалин мен мектеп дирек-торы Г.Максимова қолдау көр-сетті. Жаңа жабдықтар, комп-ьютер қойылып, безендірілді. Мектеп фойесіндегі оқушы-лардың жетістіктерімен таны-сты. Жаңадан жасақталған кабинеттерді, ондағы зама-науи құрылғылармен жаб-дықталған интерактивті тақта-ларды тамашалады. Мектеп директоры болған кезінде Есенгелді Бақты-байұлының басшылығымен егілген теректер бой көтеріп, сылаң қағып, жапырақтары сыбдырлап, қонақтарға қоша-мет көрсетіп жайқалып тұр-ды. Өдемі аула, жып-жинақы, тап-таза тас жолдар ұжымның бірлігін, ұйымшылдығын та-нытқандай әсер қалдырды. Тостаған толы ағарған, ып-ы-стық бауырсақ, балғын құрт – ірімшіктер мен сәурідің сары майы – ауылымыздың мерей-ін танытып тұрды. Делегация аудан орталығындағы «Саз» мектебі ұжымының қонақжай-лылығы мен көркемөнерпаз-дарының концертіне риза-шылығын білдірді. Қонақтар Ж. Жүсібалиев атындағы орта мектепке барды. Мектеп директоры Маржан Сәлімге-рейқызы мектеп тарихын ин-терактивті тақтамен танысты-рды. Ұстаздар мен оқушылар қолынан шыққан түрлі көле-нер бұйымдары, оқушылар-дың робототехника сабағында жасаған түрлі роботтарымен таныстырды. Кездесу жаңа форматта жасанды интелекті құрылғылармен өтті. Оқушы-лар мен келген қонақтарға сұрақтарды жасанды құрылғы «табыстар» тұрды. Кюар

кодтардағы сұрақтар да, қо-нақтарды «Бір сөйлеммен ай-тыңыз!» ойындары қызықты өтті. Қонақтар одан кейін Оқушы-лар үйіндегі үйірмелердің жұмысымен танысты. Түрлі кабинеттерді аралап, ұжым жұмысына оң баға берді. Ау-дан орталығындағы іргелі оқу орны Ойыл кәсіптік кол-леджіне барып, «Жұмысшы мамандықтары жылына» орай ұйымдастырылған іс – шаралармен танысты. Кол-ледждің мәжіліс залында бас қосқан кеңес төрағалары ал-дында колледж директоры Серік Займолдин баяндама жасады. Қонақтар саябаққа ағаштар отырғызу құрметіне ие болды. «Ойыл ауданының құрметті азаматы», осы кол-ледждің негізін қалаған Ға-зиз Займолдаұлы қонақтарға ризашылығын білдіре келіп, ардагер мұғалімдерге деген ілтипаттың қажет екенін айта келіп, жиын жұмысына сөт-тілік тіледі, «Сең қозғалды, жаңа леп есті. Енді алға қарай жылжытатын басшылар жұ-мысы қажет» - дей келіп, Мар-жан Жұмабайұлы айтқандай, «Алты Алаштың баласы бас қосса, төр Мұғалімдікі» екенін еске салды. Аграрлық колледжден арда-гер – ұстазға құрмет көрсет-удің үздік үлгісін байқадық. Бұл оқу орынында кәсіподақ аудандық кәсіподақтан дер-бестігімен ерекшеленеді екен. Қолда бар мүмкіндіктерді пай-даланып, өз бюджеттеріндегі қордан әр ардагерге ерқашан көмектесіп, марапаттап, көңіл бөліп отыратынын, осы ұжым ардагері Мерует Ғаббасо-ва ханым мақтанышпен үлгі етті. Колледждің абаттанды-рылуы, кабинеттерінің заман талабына сай жабдықталуы, тәлімгерлердің өз қолда-рымен дайындаған өнімдері-оқу орнының мәртебесін жоға-рылата түсті. Ұйымдастыра білсең, көзін тапсаң, ұтасың. Өке ұлағаты жалғасын тапқа-нының көрінісі, өнегесі жүрек-

терге жылу сыйлады. Қонақ-жайлылық кең ыстық ілтипат, ұжым мүшелерінің бірлігі анық байқалды. Қонақтар риза-шылығын қайта – қайта айтты. Делегация ккездесу соңын-да Ө.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің ұжымымен кездесті. Кенже-бай Қазмағамбетовтің каби-нетінің жабдықталуына жақсы баға берді, мектепті арала-ды. Аудандық оқу – ағарту саласы бойынша ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебай Қазбағамбетов ардагерлер-мен атқарылған жұмыстарға тоқталды, сұрақтарға жауап берді. ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда ардагерлердің ұсыныс – пікірлерінің маңы-здылығына тоқталды. Әр ау-даннан келген ардагерлер кеңесінің төрағалар сұрақтар қойып, өз тәжірибелерімен бөлісті, ұсыныстарын айтты. Ардагерлер кеңесінің жұмы-сына қанағаттанарлық баға бере келіп, облыс ардагерлер кеңесінің төрағасы К.Байға-зин мырза аудан әкіміне К. Қазмағамбетовке көмектесуді өтінді. Аудандық білім бөлімінің бас-шысы Есенгелді Бегалин мы-рза өз сөзінде зейнеткер ұс-таздарды елеусіз қалдырмай, қоғамға белсене араласуға мүмкіндік жасау, кәсіби білік-тілігі, тәлімгерлігін ұрпақтар сабақтастығына бағыттап отыратын үлкен күш ретінде бағалайтынын баса айтты. Мектеп директорларына арда-гер ұстаздармен байланысты жандандырып, кездесулер ұйымдастырып, мерекелерде құттықтауды жалғастыруды тапсырды. Мұғалімдерді ор-тақ іске тартып, ұйымдасты-рып, әр мектептің қоры болса, көп мәселелер өз орнында шешілер еді. Ұжым бірлігі ар-тып, табысқа жол ашылатын болады, - деді. Қазіргі қолда-ныстағы Зандардың тармақта-ры бойынша ардагерлерге шипажай, сауықтыру орында-рына жолдама беруге кедер-гілер барын да жасырмады.

Заңға өзгерістер енгізуді сұра-ды. Жарысөзде сөз алған ардагер ұстаздар Зәуреш Молдашева, Нұрсұлу Насирова, Мінсізбай Сайынұлы өз ұсыныстарын айтты. Жиын жұмысына ауд-дан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев мырза қатысты. Мұғалімдер әулетінде тәрби-еленген әкім мұғалімдердің, әсіресе, ардагер – ұстаздар-дың істерін жоғары бағалай-тынын айта келіп, дана қа-зақтың «Қадірлесен, көрінді, жарылқармын бөрінді!» - де-ген аталы сөзімен түйіндеді. Алдағы уақытта барлық мүм-кіндіктерді пайдаланып, арда-гер- ұстаздарға көмек қолын созатынын баса айтты. Қаты-насып отырған қонақтар мен Ақтөбе облысы білім саласы ардагерлер кеңесінің төраға-сы К.Байғазин мырзаның оң ұсыныстарын қолдайтынын білдірді. Облыстан келген ардагер – ұстаздардың кезінде қаланың білім басқармасын басқарған Саян Сапарұлы жайлы айтқан жылы лебіздері қуаныш сезімін сыйлады. Біздің азаматтар-ды бағалауы мәртебемізді өсірді. Жиында қонақтардың аты – жөнінің шығыстық үлгі-де жазылғаны – жақсы жаңа-лық нышаны болды. Батыстық (ф.и.о) Пушкин Александр Сергеевичтен құтылды. Басқа аудандардағыдай ар-дагер – ұстаздар бас қосатын емдеу – сауықтыру орталығы да бой көтерер деген үміт бар. Кенжеғазы Байғазин мырза қорытындылай келіп, зейнет-ке шыққан мұғалімдерге емдік – сауықтыру орталықтарына жолдама беру, «Еңбек арда-гері» медалімен марапаттау жолдарын шешуді кәсіподақ ұйымына болатыны баса ескертті. Облыстан келген ұстаздар аудандық ардагер-лер ұйымы, білім бөлімі, ау-дан басшылығына алғысын айтып, жұмыстарына оң баға берді.

Саламат ШАҢҒАЛА, зейнеткер.

ҮЙІРЛІ ШЕГІРТКЕ - ДИҚАНДАРДЫҢ ҮРЕЙІН ҰШЫРАДЫ!

ҮЙІРЛІ ШЕГІРТКЕЛЕР ЖАППАЙ КӨБЕЮГЕ ЖӘНЕ ТАРА-ЛУҒА БЕЙІМ. ТАРАЛҒАН АЙМАҒЫНА ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗАЛАЛ КЕЛТІРЕДІ. ОЙЫЛ АУДАНЫ ҚҰМДЫ ӨНІР БОЛҒАНДЫҚТАН ҮЙІРЛІ ШЕГІРТКЕ КЕҢ ТАРАЛҒАН. ШЕГІРТКЕЛЕРДІҢ ҮЙІРЛІ ТҮРЛЕРІ ҮНЕМІ ШОҒЫРЛАНЫП ТЫҒЫЗ ТОПТАСЫП ЖҮРЕДІ.

Неғұрлым зор зиянкестігімен ерекшеленетін марокко ше-гірткесі, азиялық шегіртке, италия шегірткесі және үйірсіз шегіртке түрлері ерекше кең таралып отыр. Біздің ауданда кездесіп отырған зиянкес ол - италия шегірткесі. Жалпы ересек шегірткелерге қарағанда олардың дернәсіл-дері ерекше зиян келтіреді. Күбіршік ішіне салынған жұ-мыртқалары топырақтың бет-кі қабатында қыстап шығады. Ауа райының жағдайына бай-ланысты дернәсілдер көктем-де жер бетіне шыға бастайды. Дернәсілдер 5 жастан өтіп түлейді, ал олардың дамуы 30-40 күнге созылады. Соңғы түлеуден кейін дернәсіл ере-сек қанатты шегірткеге айна-лады. Қанаттанғаннан кейін 10-15 күннен соң шағылысу басталып, бірнеше күннен кейін жұмыртқалай бастайды. Жұмыртқа салып болғаннан кейін тіршілігін тоқтатады. Шегірткелер ауыл шару-ашылығы дақылдарының әр алуан түрлеріне және жайылымдар мен шабын-дықтардың астық тұқымдас өсімдіктеріне зиян келтіреді. Олардың саны экономикалық

зияндылық шегінен көп қоны-станған орындарға химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіледі. Әсіресе олар 2 және 3 жас ке-зеңінде көкті баудай түсіретін-діктен үлкенімей тұрғандай ұлаған тиімді. Ал ірі шегіртке кезінде жүргізілген химиялық өңдеу жұмыстарының нәтиже бере қоюы екіталай. Үйірлі шегірткелер көптеген жыл бойы егіншілердің үрейін ұшырып келеді. Соңғы жылдары егістік алаңдары құрылымының бар-лық жерде өзгеруі және бос қалған жерлер көлемінің ар-туы нәтижесінде өте күрделі фитосанитариялық жағдай қалыптасып отыр. Сондықтан ауыл шаруашылық дақылда-рымен айналысып отырған шаруа қожалық иелерімен бір-лесе отырып, дақылдардың аса қауіпті зиянкестері мен ауруларының жаппай көбеюі мен таралуының алдын-а-лу және оларға қарсы күрес, олардың залалын болдыр-мау мақсатында сапалы және уақытылы жұмыс атқаруымыз керек.

Б. АБДУЛЛИН, Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылғы мамыр айын-да Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңестің қолдауымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге!» атты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әлеуметтік жарнама-ның кезекті жыл сайынғы хал-лықаралық жастар байқауы басталды. Байқауға қатысуға 10 пен 25 жас аралығындағы жастар шақырылады, олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ту-ралы өз идеялары мен көзқа-растарын, сондай-ақ оның рөлі мен осы бағыттағы халықа-ралық ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсете оты-ра, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірге!» тақырыбында

конкурстық жұмыстар дайын-дауға шақырылады. Халықа-ралық конкурстың ережелері <https://www anticorruption.life/> ресми сайтында қолжетімді, ол арқылы байқаудың екі но-минация – «Үздік постер», «Үздік сурет» және «Үздік бей-неролик» бойынша жұмыстар а.ж. 1 қазанына дейін қабыл-данады. Еліміздің қатысушы-ларымен дайындалған кон-курстық жұмыстарды іріктеу Агенттікпен құрылатын Ұлттық конкурстық комиссиясымен жүзеге асырылады. Конкурстың қорытындысын шығару Халықаралық сыбай-лас жемқорлыққа қарсы күрес күніне (а.ж. 9 желтоқсан) орай жоспарлануда.

Конкурсқа қатысуға шақырамыз!

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы Ойыл ауданы бойынша барлық селолық округтерде аса қауіпті үйір-лі италия шегірткесіне қарсы химиялық өңдеу жұмыста-ры жүргізілуіне байланысты, тұрғындар және ауылшару-ашылығы құрылымдарына


малдарын уланған жерлер-ін қарай жібермеу керектігін және уланғаннан кейін 21 күн карантин болатынын ескер-теді. Жоспар бойынша жүргізілген жерлерге тиісті ескертпе та-яқшалар мен белгілер қойы-лады.

ҚР АШМ АӨК МИК Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

ЕСКЕ АТУ

ҚУАНЫШҚАЛИ ҚАРАБАЛАҰЛЫ
ҚОНАҚБАЕВ
(17.05.1945 - 11.02.2004)

Көзімде жас, Кеудемде сағыныш...ӨКЕ



Бейнең келет көз алдыма сағындырып, 80 жас деп сағынышың, еске алып. Тойландытын туған күн толғандырып, Жыр жазамын сағынышпен бір күрсініп. Бала-шағам деп жүріп, өтті өмірің, Мандай тер мен бейнетке толы ғұмырың. Бұл фәнидің көрмесеңіз де зейнетін, Өділ жерде жұмақ болсын тұғырыңыз!

Еске алушы: бала-көліні, нөмерелері, қыздары-күйеу балалары.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

БАЛАНЫҢ КІТАПҚА ҚҰМАРЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ОЯТАМЫЗ?

ӨТКЕН АПТАДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ ЖӘНЕ АҚЖАР АУЫЛДЫҚ МОДЕЛЬДІ КІТАПХАНАСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «КІТАП ОҚУҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ: ЖОБАЛАР МЕН ПРАКТИКАЛАР АУҚЫМЫ» АТТЫ СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ.



Кітапхана мен оқырман арасындағы байланыс сапасын арттыру, оқуға қызығушылықты дамытатын тиімді жобалар мен әдіс-тәсілдерді ортаға салып, тәжірибе алмасуды көздеген семинарда кітапханашылар мен сала мамандары бірқатар өзекті тақырыптарда баяндама оқып, кітап оқуды насихаттаудағы жаңашыл тәсілдермен таныстырды. Яғни, «Кітап оқу мәдениетін қалыптастырудағы кітапханашының рөлі», «Оқырман тартудың заманауи әдістері», «Балалар мен жастар ара-

сындағы оқырман белсенділігін арттыру жолдары» сынды бағыттар қамтылды. Сонымен қатар, оқырманмен кері байланыс орнатуға арналған түрлі интерактивті жобалар мен кітап оқу флешмобтары мысалға алынды. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, тәжірибелік тапсырмалар орындап, сұрақ-жауап алаңында пікір алмасты. Семинар соңында барлық қатысушыларға алғыс білдіріліп, үздік идеялар мен ұсыныстар болашақ жұмыс жоспарларына енгізілетіндігі айтылды.

БЕРЕКЕНІҢ БАСТАУЫ – ОТБАСЫ

ОЙЫЛДА 15 МАМЫР КҮНІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ ШЫНАЙЫ ЖЫЛЫЛЫҚ ПЕН ЖАН ШУАҒЫ СЕЗІЛГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА ӨТТІ. «ОТБАСЫ - АЯУЛЫ МЕКЕН» АТТЫ МӨДЕНИ ІС-ШАРА КӨПШІЛІКТІҢ КӨНІЛІНЕН ШЫҒЫП, БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫН, СҮЙІСПЕНШІЛІКТІҢ ҚАДІРІН, ҰРПАҚТАР АРАСЫНДАҒЫ АЛТЫН КӨПІРДІҢ МӨНІН ҰҒЫНДЫРДЫ.



Бұл - жай ғана шара емес, жүректен шыққан сөз бен ниеттің, қоғамның басты діңгегі саналатын отбасы ұғымының шынайы құрметке ие екенінің дәлелі болды. Адамзаттың рухани тірегі, адами қасиеттің алғашқы ұстаханасы - отбасы десек, бұл кеш сол қасиетті ұғымның қадірін тағы бір мәрте биіктетті. Шарада айтылған әрбір ой, ұсынылған әрбір бағдарлама - баянды өмірдің негізі болатын татулық пен түсіністікті дәріптеуге арналды.

Отбасындағы өзара сыйластық – қоғам тыныштығының айнасы. «Отбасы - шағын мемлекет» деген сөз тегін айтылмаса керек. Кеш барысында жас отбасыларға бағытталған танымдық бағдарламалар ұсынылып, қатысушылар маңызды ақпараттармен сусындады. Аудандық аурухананың акушер-гинекологы Жазира Сәдуақасова «Отбасын жоспарлау» тақырыбында кең көлемде түсіндіріп, көкейде жүрген сұрақтарға нақты жауаптар берді.

Бұл - жауапты қадам алдында тұрған жастар үшін аса құнды бағыт-бағдар болды. Сондай-ақ, отбасылық өмірде жиі кездесетін психологиялық қиындықтардың алдын алу үшін ұйымдастырылған тре-

нингтер үлкен қызығушылық тудырды. Жастарға арналған әлеуметтік қолдаулар туралы құнды мәліметтермен Ойыл аудандық мансап орталығының маманы Исатай Сүйесінов бөлісті.

Оның сөзі - жас буынға қамқорлық пен сенімнің, ал отбасыға мемлекеттің назарындағы басым бағыттардың бірі екенінің айғағы болды. Шараның сәні мен мәнін арттырған ойын-сауық бағдарламалары, арт-терапия сессиялары және шығармашылық қойылымдар қатысушыларға шаттық пен қуаныш сыйлады. Әрбір отбасының шынайы сыйластығы мен сүйіспеншілігін бейнелейтін фотосуреттер - осы кештің естен кетпес сәттерінің куәсі болды. Бірлік бар жерде - тірлік бар. Міне, осы мәдени шара да жұртшылыққа соны ұқтырды. Шара соңында отбасы — ел іргесінің берік болуына ықпал ететін басты құндылық екені ерекше атап өтіліп, қатысушыларға амандық, татулық, баянды өмір тіленді.

Мұндай шаралар - жүрекке жылу, саналарға сәуле сөбетін игі бастамалар. Әр отбасы - қоғамның кішкентай ғана айнасы. Сол айнадан мейірім мен махаббат көрініп тұрса, ел болашағы да жарқын болмақ.

«ЖАЙДАРМАН» ЖАС ТАЛАНТТАРДЫ ШЫҢДАЙДЫ

16 мамыр күні аудандық мәдениет үйінде өткен "Ойылым менің-ойдағы елім" атты жайдарман ойынына 8 команда қатысты. Ойынға Ақтөбе жайдарманының ардагері, «АЭСА», «Экспресс» командаларының ойыншысы Нұржан Талипов, және «Фемида» командасының ойыншысы, 2019 жылғы жоғарғы лига чемпионы Есбол Тілегенов, сонымен қатар қоюшы режиссер, "Жастар қолдаушысы" төсбелгісінің иегері, облыстық халық шығармашылығы орталығы директорының орынбасары Қайрат Болысбектер

қазылық етті. 2 турдан тұрған сайысты барлық командалар жоғарғы деңгейді дайындықпен келгенін көрсетіп, көрермендердің көңілдерін бір көтеріп тастады. Нәтижесінде қазылар алқасының шешімімен жүлделі III орынды "Сырым құрамасы" (БҚО), және «Кербез құрамасы» иеленді. Жүлделі II орынды «Байғанин құрамасы» (Байғанин ауданы), I орынды "Ембі құрамасы" (Мұғалжар ауданы) иеленсе, бас жүлдені SWEET" командасы (Жұбанов университеті) қанжығасына байлады.



ТАТАМИДЕ ШЫҢДАЛҒАН РУХ

2025 жылдың көктемінде Ойыл топырағы тағы бір тағылымды оқиғаға куә болды. Кеңес Одағының Батыры, қазақтың қаһарман қызы Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұлованың 100 жылдығына орай облыстық деңгейдегі дзюдо турнирі ұйымдастырылып, өскелең ұрпақтың бойындағы жігер мен қайрат, тәртіп пен тәзімділік сынға түсті. Бұл – өрлік пен ептілікті, намыс пен нықтықты ұштастырған жас балғындардың белдесу алаңы ғана емес, болашақ чемпиондардың алғашқы баспалдағына айналды.

Жарысқа 2012-2013 және 2014-2016 жылдары туған жас дзюдошылар қатысып, әр өңірден келген командалар өздерінің мықтылығын дәлелдеуге тырысты. Ақтөбе қаласының «Белес Ақтөбе», Темір ауданының «Judoko клубы», Хромтау ауданының №1 БСЖМ, Әйтеке би мен Мұғалжар аудандарының «Қыран спорт клубы», «Judo клубы», Ойыл және Байғанин аудандарынан жиналған жас спортшылар татами үстінде табандылық танытып, шеберліктерімен көзге түсті. «Спорт – ел намысын биіктер тектілік жолы» десек, бұл турнир – дене қуатын ғана емес, рух қуатын арттыратын, жас буынға тәрбие мен тәртіпті қатар сіңіретін үлкен мектеп болды. Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев жас балуандарға ақжолтай лебізін

білдіріп, ізгі тілектерін арнады. Әнұран шырқалып, мәртебелі қонақтарға естелік сыйлықтар табысталды. Турнир төрелігін әділ әрі кәсіби деңгейде атқарған - халықаралық дәрежедегі төреші Тимур Ажимов мен бас хатшы Игілік Жұмабаев. Жарыстың демалушісі ретінде қолдау білдірген Асқар Нұрбеков те салауатты ұрпақ тәрбиесіне үлес қосты. Спорт ардагері Әбілхан Әжиязовтың жүрекжарды тілегі жас балуандарға үлкен жігер беріп, әр белдесуге ерекше серпіні қосты.

Тартысты өткен белдесулерде жас дзюдошылар қарсыласына деген құрметті, күреске деген жауапкершілікті, жеңіске деген құштарлықты айқын көрсетті. «Талаптыға нұр жауар» демекші, үздік нәтиже көрсеткен жасөспірімдер жеңіс тұғырынан көрініп, медаль мен дипломдарға ие болды. Бұл - олардың қажырлы еңбегі мен төгілген терінің өтеуі еді. Әлия Молдағұлованың ерлігіне арналған бұл турнир - тек спорттық дода ғана емес, патриотизм мен парасаттылықтың сабақ алаңы болды. Ел үмітін арқаалаған жас өрендердің биікке ұмтылысы - ел болашағының жарқын кепілі. Осындай игі шаралар аққылы біз ұлт рухын ұлықтап, елдігімізді бекемдейміз. Спорт - тек күш емес, ол - мінез, тәртіп, болмыс. Сондықтан да, мұндай турнирлер жалғасын таба берсін дейміз.



ОТБАСЫ - ОТАННЫҢ ІРГЕТАСЫ

ОЙЫЛ ТОПЫРАҒЫНДА ОСЫНАУ ҚАСИЕТТІ ҰҒЫМДЫ АРДАҚ ТҰТҚАН, ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІМЕН КӨПКЕ ҰЛҒИ БОЛЫП ЖҮРГЕН ЖАС ОТБАСЫЛАР БАРШЫЛЫҚ. СОЛАРДЫҢ БІРІ – «ЖАС ОТБАСЫ – 2024» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ, ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ӨМІРІНІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ ЕТКЕН ХАМИТОВТАР ӨУЛЕТІ.



14 мамыр күні Халықаралық отбасы күні қарсаңында Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен кездесуде осы бір жарасымды шаңырақпен жүздесу сәті бұйырды. Кездесу – мәнді, мазмұнды, тағылымды болды. "Жастар орталығы" ғимаратына жиылғандар қатарында аудан әкімінің орынбасары Мейрам Айдарбаев, көптің құрметіне бөленген ардагерлер, қоғамдық кеңес мүшелері, аналар ұйымының өкілдері мен жас отбасылар болды. Бұл басқосудың мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, жастарға жол көрсету, жақсыны насихаттау. Аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев салтанатты жиынды ашып, атаулы күнмен құттықтап:

«Отбасы – адам өміріндегі ең қымбат байлық, оны сақтау – әр адамның, әр азаматтың борышы» – деді. Ал Зоя Нұрмағанбетқызы: «Ананың мейірімі мен әкенің ақылы түтінді түтетеді.

Бала – ұрпақ жалғасы, отбасы – ұлттық тамыр» деп, қазақ аналарының даналығын, дәстүр жалғастығын сөз етті. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев ақсақал болса, өмір көрген, көпті көрген жан ретінде: «Берекенің бастауы – бірлік. Шаңырақ шайқалмасын десеңдер, сыйластықты серік етіндер» деген ақын айтты. Ал Хамитовтар отбасы болса, қарапайымдылық пен қайсарлықты, өнер мен өнегені ұшта-

стыра білген үлгілі жас шаңырақ екені бірден аңғарылды. Отағасы Әйтеке қазақтың қоңыр домбырасын шертіп, күй төксе, жары Әйгерім жүрекжарды жырмен өзінің өмірлік ұстанымдарын өрнектеді. «Бір-бірімізді тыңдап, түсініп, тірегімізге айнала білсек, отбасы өзі-ақ мықты болады. Берекені алыстан іздеудің қажеті жоқ – ол әр үйдің өз іргесінде», – деді Әйгерім шынайы ықыласпен. Кездесу барысында жастар жағы да сұрақтарын қойып, өмірлік кеңестер алды. Бұл – бір сәттік шара емес, жас отбасылардың жүрегіне жол табатын, санаға сілкініс беретін тәрбиелік кездесуге айналды.

Жангүл Бақытжанқызы: «Осындай отбасылар көп болса, ұрпақ та, қоғам да ұтылмайды. Хамитовтар – бүгінгі жасқа бағыт, болашаққа бағдар», – деп, жастарға арналған кітап көрмесін таныстырып өтті. Аудандық оқушылар үйінің көрмесі де ерекше әсер қалдырды. Кеш соңында Хамитовтар отбасы аудан әкімінің арнайы алғыс хатымен және сыйлықтармен марапатталып, Темір Сағынғалиев ақсақалдың ақ батасын алды. Ол: «Түбірі мықты ағаш құрамайды. Тамыры терең отбасы сүрінбейді. Бақытты болыңдар!» – деп, ізгі тілегін арнады. Кездесуге келген 40-қа жуық жас пен жас отбасы рухани қуат алып, бір серпіліп қалды. Қоғамды түзегің келсе, әуелі отбасыңды түзе! Осындай өнегелі кездесулер соған бастар жол екені даусыз.

ФУТБОЛ ЖАРЫСЫ – ЕРЛІККЕ ТАҒЫМ. ДОСТЫҚҚА ДӘНЕКЕР

Ө. Бақаев атындағы көшедегі футбол алаңында өткен шапағатты шара - рух пен риясыздықтың, достық пен денсаулықтың жарасым тапқан көрінісі.

Кеңес Одағының Батыры, қазақтың қаһарман қызы Әлия Молдағұлованың 100 жылдық мерейтойы мен елдің ұйытқысы - Отбасы күніне орай ұйымдастырылған аудандық шағын футбол турнирі көпшілікке мерейлі көңіл-күй сыйлады.

Бұл игі бастама 2005 жылғы мектеп түлектерінің қолға алуымен жүзеге асып, туған топыраққа деген шынайы жанашырлықтың бір парасы ретінде ел есінде қалды.

Ауыл спортының әлеуетін арттырып, бұқаралық спортқа серпін берген бұл турнирдің басты мақсаты - елдің ертеңі үшін маңызды істерге ұйытқы болу, рухани һәм физикалық саулыққа жол ашу еді. Жарысқа Ойыл ауданының әр түкпірінен келген командалар қатысты.

«Ойыл 88», «Көкжар», «Кемер», «Жекенді», «Қараой», «Берсиев», «Көптоғай» - бәрі де тек жеңіс үшін емес, ел бірлігі мен достықтың нышаны үшін алаңға шықты. Әр ойында жігер бар, шеберлік пен шынайы құлшыныс байқалды. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, әрбір ойыншы жанын салып, туған жер намысын абыроймен қорғайды. Тартысқа толы бәсекеде

«Ойыл 88» командасы шеберлігімен дараланып, жеңіс тұғырынан көрінді.

Екінші орынды «Кемер» құрамасы иеленсе, үшінші орынды «Жекенді» командасы еншіледі. Турнир барысында ерекше көзге түскен ойыншылар да назардан тыс қалмады. «Үздік ойыншы» атанған Айбек Сұлтановтың әр қимылы - нағыз кәсіби шеберліктің айғағы болса, қақпада қамалдай болған Артур Асанғалиев «Үздік қақпашы» атағына лайық екенін дәлелдеді.

Ал, алға ұмтылған әр шабуылда шапшаңдық пен шеберлікті ұштастырған Асылан Жұмабаев «Үздік шабуылшы» деп танылды. Бұл турнир - тек футбол мерекесі ғана емес, ел тарихына есімі алтын өріппен жазылған Әлиядай әр жүрек қазақ қызының ұлықтауды, оның батырлығын кейінгі ұрпаққа үлгі етудің бір жолы болды. «Батырлық - жүректен, бірлік - тілектен» демекші, бұл шара - отансүйгіштік пен елжандылықтың, отбасылық құндылықтардың бір арнада тоғысқан жарқын үлгісі болды.

Шара соңында барлық қатысушыларға алғыс білдіріліп, жеңімпаздар естелік сыйлықтармен марапатталды. Осындай игі істер көп болғай деп тілейміз.

Себебі, елдің еңсесін спорт көтереді, рухын тарих биіктеді.